ЖАҢАҚОРҒАН: ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҢ ЖЕМІСІ

– Аудандық бюджет есебінен Қаратөбе ауылдық округіндегі Келінтөбе магистралды каналының «Сумағар» каналына құярлығына жүргізілетін бетон реконструкциялау жұмыстарына 10,8 млнтеңге бөлініп, жұмыстар жүргізілуде. «Қазсушар» ШЖҚ РМК Қызылорда филиалы есебінен Келінтөбе магистралды каналы мен Байкенже ауылдық округіндегі «Күркіреуік» каналына механикалық тазалау жұмыстары жүргізілді. Тау беткейде орналасқан Қыраш ауылдық округінен жайылымды суландыру мақсатында 41,6 млнтеңгеге ұңғыма қазу жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар су тапшылығы жағдайында егістікті суармалы аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында 11 дана СНП су насос қондырғыларына облыстық бюджеттен 138,4 млнтеңге қаралды. Қазіргі уақытта Жаңақорған кентіне 2 дана, Аққорған, Кейден ауылдық округтеріне 1 данадан жеткізілді. Қалған 7 данасы тамыз айында беріледі, – деді аудан әкімі.

Брифинг барысында аймақ журналистері сауал қойып, тұщымды жауап ала алды.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ

Құрылыс жұмыстарының көлемі 6 айда 4 млрд 601 млн теңге болып, 2021 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,7 есеге асыра орындалған. Ауданда 2022 жылдың 1-ші шілдесіне 27 507 шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға берілген. Халықтың әлеуметтік нысандарға қолжетімділігін арттыру мақсатында биылғы жылы ауданда 2,2 млрд теңгені құрайтын әлеуметтік нысандардың құрылысы жүргізілуде. Жаңақорған кентіндегі 600 орындық №169 орта мектептің құрылысы, МАИ бекетінде 300 орындық мектеп, С.Сұлтанмұратов көшесі бойынан 300 орындық білім ордасы, Бірлік ауылындағы 90 орындық балабақша, Өзгент, Жайылмадағы 150 орындық клуб құрылысы бар..

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Төменарық ауылдық клубына күрделі жөндеу жүргізілуде және 3 елді мекенде салынатын клуб құрылысына жоба-сметалық құжаттар әзірленуде. 2022 жылы Келінтөбе мен Ақжол ауылына салынатын спорт кешендерінің жобалары әзірленіп, сараптамадан өткізілді.

«Саяжай-1» мөлтек ауданынан 300 гектар жерге инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарды жүргізуге жоба-сметалық құжаттамаларын әзірлеу жұмыстары басталды. Аталған жоба аясында 1500 тұрғын жер учаскесімен қамтамасыз етіледі. Қазір жер кезегінде тұрғандар саны 7500-ге жетті.

АЯҚ СУДЫҢ АХУАЛЫ

Аудандағы 35 елді мекеннің барлығы ауыз сумен қамтылған. «Ақбұлақ» бағдарламасымен бастау алып, «Нұрлы жол» бағдарламасымен жалғасын тауып, құрылысы жүргізіліп жатқан «Сырдария топтық су құбыры мен Талап топтық су құбырының құрылысы» жобасында Сырдария өзенінің шығыс беткейіндегі 12 елді мекен және Сырдария өзенінің батыс беткейіндегі 15 елді мекенді таза ауыз сумен қамту қарастырылған. Алайда, ең басты мәселе Талап бас су кешеніндегі жобаға сәйкес қазылған 8 ұңғымалар сағатына 65 текше метр дебиттің орнына небәрі 35-40 текше метр су беруде. Яғни, дебиттің жеткіліксіздігінен 27 елді мекенге үздіксіз толыққанды ауыз су жеткізе алмауда. Осыған байланысты Су ресурстары комитетінің тапсырысымен қосымша 5 ұңғыманы бұрғылау жұмыстарына 584,3 млн теңгенің жобасы жасалған.

– Соңғы 3 жылдан бері аяқталмай келе жатқан Жаңақорған кентін таза ауыз сумен қамту сервистік желісі жыл соңына дейін толық аяқталатын болады. Ол үшін облыс басшысы бюджеттен 155,4 млн теңге қаржы бөлді. Осы уақытқа дейінгі атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы жасалатын жұмыстың нақты көлемі мен кестесі жасалып, құрылыс жұмыстары басталды. Сонымен бірге Сунақата, Еңбек, Екпінді, Төменарық елді мекеніндегі ауыз су жүйелерін жаңғырту жобасына 1 млрд 94 млн теңге қаралып, өткен жылдан бастап жұмыс жүргізілуде. Жыл соңына толық аяқталатын болады. Осы жобалардың барлығы толық іске асқанда ауданда орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтылған тұрғындардың үлесі 91,4 пайыздан 100 пайызға жеткізіледі, – деді әкім.

ГАЗДАНДЫРУ МЕН ЖОЛ ЖОБАСЫ

Биыл аудан үшін маңызды мәселе ауылдағы ағайынға газдың келетіні. Бұған дейін аудан орталығы ғана табиғи газға қосылып, тұрғындарға шаққанда газдандыру үлесі 38,8 пайызды құрап келсе, биылғы жылдың соңына дейін Бірлік, Қыраш елді мекендері көгілдір отынның игілігін көреді. Сонымен қатар Жайылма, Шалқия және Құттықожа, Кейден, Төменарық елді мекеніне газ тарату желілерін және жоғарғы қысымды таратылатын газ құбырын салуға жоба жасалып, сараптамадан өткізілді. Жобаның құны 3 млрд 918 млн теңге.

– Биылғы жылы барлық маңыздағы жолдарды жөндеуге 736,6 млн теңге қаралды. Оның ішінде облыстық маңызы бар 4 автомобиль жолын орташа жөндеуге республикалық бюджеттен 361,3 млн теңге, 17 елді мекеннің 18 көшесін орташа жөндеуге 375,3 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар Екпінді және Ақжол елді-мекендеріне кіре беріс аудандық маңызы бар автомобиль жолдарындағы 2 көпірді реконструкциялауға 92,4 млн теңге бөлінді, – деп аудан басшысы тілшілер сауалына нақты жауап берді.

ЭЛЕКТР МӘСЕЛЕСІ БАСТЫ НАЗАРДА

Аудан көлеміндегі электр бағаналары мен желілерінің 70 пайызы тозығы жеткені рас. Көпшілігі өткен ғасырдың 1965-1970 жылдары қойылған бөрене бағаналар екенін аудан тұрғындары жарыса жазуда. Ауа райының қолайсыздығына сәйкес электр желілерінің үзілуі, бағаналардың сынуы мен құлауы жиі кездеседі. Бұл мәселені жүйелі түрде шешу үшін қазіргі таңда Жаңақорған кентінің электр желелері мен бағаналары мен желілерін ауыстыруға жоба дайындалған. Жобаның құны – 3,4 млрд теңгені құрайды. 2022 жылы «Ауыл- ел бесігі» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен 898,8 млн теңге бөлініп, жаңғырту жұмыстары басталды. Сондай-ақ, 9 елді мекеннің электр желісін жаңғыртуға демеушілер есебінен жоба дайындалып, сараптамадан өткізілді.

КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ

Бүгінгі күнге бөлшек сауданың көлемі 2 млрд 595 млн теңгеге жетті. Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 5601, жұмыс істеп тұрған субъектілер 5322 немесе 95 пайызды құрады. Оның ішінде 320 заңды тұлға, 2502 шаруа қожалықтары, 2779 жеке кәсіпкер. Аудан бойынша жыл басынан бері барлық қаржы көздерінен 129 жобаға 609,5 млн теңге тартылды.

Биыл бізде инновациялық жобалардың саны артты. Яғни, өнім өндіру, өңдеу көлемі еселенді. Сондай-ақ, өнеркәсіп өнімінің көлемі 54 млрд 618 млн теңгені құрап,өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 102,4 пайызға жетті. Өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемі де 37 млрд 451 млн теңге болып, 102,9 пайызға орындалған.

Жұмыссыздық мәселесі де күн тәртібінде. Баяндамада жыл басынан жұмыс іздеуші ретінде жұмыспен қамту орталығына 1765 адам хабарласса соның 1463-і қызметке орнналасты. Биыл 3118 жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланып, 1848 жаңа жұмыс орыны құрылып, жылдық жоспар 60 процентке орындалды.

Жалпы, жарты жылдағы жемісті жұмыстардың жүйесі осылай. Ауданда бұдан жүзеге асырылар шаруа шаш етектен. Брифинг соңында аудан әкімі түйінді мәселелерді кезең-кезеңімен шешіліп, қолға алған бастамалар межелі аяқталатынын жеткізді.

ЖЕЛАЯҚ

Желаяқ сөзін естігенде бала күнінде оқыған аңыз ертегілеріндегі «Желаяқ» кейіпкері есіме түседі. Аяғына дәу қаратасты байлап, мыстан кемпірмен жарысқа түскен, қараулығына бір уыс топырақ шашып қасынан зу етіп өте шыққан жаратылыс иесін көз алдыңызға елестетіп көріңізші?

Ия бұл қиял – ғажайып ертегілерде ғана кездесетін адам қиялындағы таңғажайып құбылыс иесі. Ал өмірде ше, өмірде?

Спорт әлеміне көз жүгіртіп қарап өтсеңіз аттары аңызға айналған саңлақ желаяқтар арамызда бар -ау деп қаласың. Оқушы кезінен-ақ «Желаяқ» атанған Совет Исамбаев ағамыз соның бір дәлелі іспетті. Қосүйеңкінің аяққы ауылында 1938-жылы 27 шілдеде дүниеге келген Совет ағамыз бала кезінде анасы сиырын сауып, сүтін пісірем дегенше арақашықтығы 20 шақырымдай болатын Аққұм станциясына жүгіріп барып келеді екен. 5-8 сыныптарда оқып жүргенінде аудандық, облыстық дәрежедегі жарыстарда алдына жан салмаған жүйрік болыпты.

1957 жылы өткен Қазақстан біріншілігінде 800-1500 метрлік қашықтықтағы жарысқа қатысып алтыннан алқа тағыныпты.

1958-1959 жылдары Кеңес Одағы бойынша Грузия астанасы Тибилиси қаласында өткен жастар арасындағы жарыста мәреге бірінші жетіп чемпиондық тұғырға көтерілген. 800 метрлік қашықтыққа жүгіруден Кеңес Одағының рекордын жаңғыртып алғаш рет «Алтын медаль» алу салтанатында Қазақстанның ән-ұранын шырқатқан. 1959-жылы дене шынықтыру институтына оқуға түсіп, 1963-жылы Одақ бойынша өткен Ленинград (қазіргі Санк-Петербург) қаласында 1000 метрлік қашықтыққа кедергімен жүгіруде күміс медальді жеңіп алады. 1962- жылы Италия мемлекетінің желаяқтарымен өткен жарыста 1-орынды ешкімге бермеген.

5-жыл бойы орта Азияның мемлекеттерінің арасында өтетені аламанда Алтын, Күміспен марапатталып, жарыс төрінен орын алған. 1966- жылдары Африка еліндегі Алжир, Тунис, Мали, Марокко мемлекеттерінде жарысқа қатысып, 800, 1500, 3000 метрлік қашықтыққа жүгіруден чемпиондық белгіні мойына таққан. 1970-жылы Лениннің туылғанына 100 жыл толуына орай Қазақстан үкіметі ұйымдастырған спорттық шарада Алматыдан Ресейдің Ульяновск қаласына 30 күн жаяу жүгіріп барып жарыс алауын жаққан.

1966-1967 жылдары Кеңестер одағы бойынша «Правда», «Известия» газеттерінің жүлдесі үшін өткізілген жарыста алтыннан алқа тағыпты.

1968- жылдардан бастап үлкен спорттан қол үзіп қазақ мектептерінде дене шынықтыру пәнінің жоғарғы санаттағы мұғалімі болады.

Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік Институтының дене-шынықтыру кафедрасында жаттықтырушы болып қызмет атқарған. Спорт газеттерінің штаттан тыс тілшісі қоғамдық жұмыстардың белсенді мүшесі болған. Хоббиі: «Спорт-лото» ойыны болыпты. Совет ағамыздың шыққан тегіне көз жүгіртсек, әкесі Исамбай (1893-1971) атамыз келбетті іні денелі қарулы кісі болды.

«Жас кезінде жүгіргенде алдына жан салмайтын, Советтің түр тұлғасы жүйріктігі әкесіне тартқан» – деседі білетіндер. Анасы Пернекүл (1907-1991) 14 құрсақ көтерген Батыр ана. Сол 14 ұл-қыздың 10 перзенті қиыншылық кезендерде жастай өмірден ерте кетіпті. Бар ықылас пейілдерін аман қалған 3 ұл 1 қызына бөліп, барлығын оқытып білім алуына жұмсапты. Қарапайым шаруа отбасынан шыққан Мәмет Исамбайұлы (1930-1978) медицина ғылымдарының докторы, Әшім Исамбайұлы (1934-1998) биология ғылымдарының докторы, Совет Исамбайұлы (1938-2016) аты әлемге әйгілі спортшы болды, қазірде көзі тірі Қарашаш Исамбайқызы (1949ж) әпкеміз Алматы мемлекеттік медицина институтын үздік бітірген дәрігер-терапевт.

49 жыл еңбек өтілі бар Қарашаш әпкеміз әлі де тың. Бар білімін тәжірибесін күш жігерін адам денсаулығын жақсартуға жұмсап, аянбай еңбек етіп келеді. Ғылым білім елі үшін қызмет еткен Исамбай атамыздың ұрпақтарын қалай дәріптесекте жарасатын талантты, дарынды тұлғалар.

Совет ағамыз 2016 жылы Алматы қаласында дүниеден озған. Жаңақорған топырағынан түлеген сполрт саңлақтарының ішінде шоқтығы биік Совет Исамбаев ағамыздың аты ертегіде айтылатын желаяққа айналған ұлы тұлға. Осындай асыл азаматтарымыздың, дарынды таланттарымыздың есімдерін ұлықтау үшін кейінгі ұрпаққа дәріптеп отыру бүгінгі күннің басты тақырыптарының бірі болуы керек-ақ. Мысалыға: туып өскен, білім алған жері Қосүйеңкіден заманауи үлгідегі спорт кешенін салып, мәңгілікке жарқыратып Совет ағамыздың есімін жазып қойса, жарасып-ақ кетер еді-ау! Бұл енді Совет ағамыздың ұрпақтарымен ағайындарының атына айтылар сөз сіралғысы. «Ерін дәріптеген ел қашанда еңселі»

Қалмұрат МҰСАБЕКҰЛЫ,
Қосүйенкі ауылы

Өрт пен судан сақтанайық!

Өрт – адам өміріне, денсаулығына және материалдық құндылықтарға шығын әкеліп соғатын бақылаусыз жану. Өрт және су тілсіз жау болып табылады.

2022 жылы бөлімнің ақпараттарды есепке алу кітабына 63 хабарлама тіркелген. Оның ішінде 23 өрт, 18 өртке жатпайтын жану оқиғасы, 4 авариялық-құтқару жұмыстары, 9 басқа да шығыстар, 2 суға кету, 4 табиғи төтенше жағдай (шатыр ұшу), 1 мұзға ойылу, 1 күйік алу, 1 адам жоғалу жағдайы орын алды.

Ағымдағы жылы тіркелген 23 өрттің аймақытылығы бойынша төмендегідей жіктеледі:

– 2 өрт нысандарда;
– 3 өрт автокөліктерде;
– 17 өрт тұрғын үй жайларында;
– 1 орман өрті.

– Орын алып отырған өрттердің 80%-ы тұрғын үй жайларында, яғни тұрғындардың өрт қауіпсіздік талаптарын сақтамау салдарынан орын алған.

Өрт оқиғасы салдарынан тұрғындарға келген материалдық жалпы шығын 7,510,000 теңгені құрайды.

Суға кету оқиғасы бойынша, 1 азамат Жаңақорған кентінің тұрғыны, 1 азамат Абай облысы, Аягөз қаласының тұрғыны ауданға қыдырып келіп, суға шомылуға тиым салынған жерлерге суға шомылып жан тапсырған. Аудан көлемінде суға шомылуға арналған арнайы орындардың болмауына байланысты ашық су айдындарында шомылмауды ескертеміз!

Өрт пен судағы төтенше жағдайдың алдын алу бойынша күнделікті күшейтілген кезекшіліктпен үгіт насихат жұмыстары жүргізілуде.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ. Төтенше жағдай немесе өрт оқиғалары болған жағдайда тез арада «101» немесе «112» телефонына хабарласу керек.

Берікбай ОМАРОВ,
Жаңақорған ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы
азаматтық қорғау подполковнигі
8 (72435) 24-1-47

Еске алып, асқа шақырамыз

Біздің аяулы анамыз Шәркүл Исабекқызы 1953 жылы Жаңақорған кентінде дүниеге келген еді. Орта мектептен соң арнайы білім алып, аудандық баспаханада әріп теруші болып қызмет атқарды. Ері Сейілбек Бүргенбаев екеуі 3 пензентьті өсіріп, жетілдірді. Анамыз зейнетке шыққанға дейін аудандық статистика бөлімінде жұмыс істеді.

Тағдырға не шара, өткен жылдың 21 қыркүйегінде асыл анамыз 68 жасқа толған шағында дүниеден озып, кете барды.

Асыл жан жарық өмірінде аққөңіл, адал, ашық мінезімен ағайын-туыс арасында зор құрметке бөленді, айналасына шуағын шашып жүретін.

Перзенттері, бізді де осындай қадір-қасиетке баулыды.

Біз анамыздың осынау тағылымына әрқашан адал боламыз.

Өмірден өтті, алатау тұлға, жаны ізгі,
Сағыныш жасы жанардан жасты тамызды
Анамызды еске ап, рухына дұға бағыштау,
Соңында қалған перзенттерінің бұл парызы.

Қадірлі әлеуметті ардақты анамыз Бейсенова Шәркүлдің 30 шілде қонақасы, 31 шілде күні Қорасан-ата №1 үй, орталық мешітте сағ:12 де берілетін жылдық асына шақырамыз.

Еске алушылар ұл-қыздары,
Бүргенбаевтар әулеті

«Байкен-U» ЖШС «Харасан-2» кенішінің экологиялық қызметі туралы мәлімет

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 182 бап 7 тармағына сәйкес, кәсіпорындардың экологиялық қызметі және халықтың денсаулығы үшін қатер туралы жұртшылықты хабардар ету мақсатында тоқсан сайын «Байкен-U» ЖШС «Харасан-2» кенішінде жүргізілетін өндірістік экологиялық бақылаудың нәтижелерін үздіксіз газет беттеріне жариялап отырады. Өндірістік зкологиялық бақылау арнайы аккредитацияланған лабораториясы, рұқсаты бар мекемемен келісім келісімшарт негізінде жүргізіледі.

Сонымен қатар, радиациялық бақылау кезеңдік өлшем уақыты сақталынып, тоқсандық ақпарат жасалынып, бақылау органдарының сұранысы бойынша керекті ақпарат Серіктестікпен жіберіліп отырады.

2021 жылдың IV тоқсаны және 2022 жылдың I тоқсанындағы өндірістік зкологиялық бақылау есебінің нәтижелері бойынша ластаушы заттардың атмосфераға шығындыларының, ластаушы заттардың төгінділерінің және радиациялық өлшемдердің санитарлық қорғау аймағында рұқсат етілен шекті нормативтерден аспайтыны төмендегі кестелерде көрсетілген.

№ 1 кесте

Атмосфералық ауа

Бақылау нүктелері-нің №	Ластаушы заттардың атаулары	Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм³) IV тоқсан 2021 жыл	Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм3) I тоқсан 2022 жыл	Белгілен-ген норматив (рұқсат етілген шекті норматив), мг/м³	Экологиялық ахуалды жақсарту және бұзушылық-тарды жою жөніндегі ұсыныстар
1	2	3	4	5	6
1 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0052	0,05	0,2	Бұзушылықтар жоқ
	Азот оксиді	0,044	0,05	0,4	
	Көміртек	0,062	0	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,038	0	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,064	0,5	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,074	0	0,3	
	Шаң	0,057	0,0641	0,3	
2 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0074	0,05	0,2	
	Азот оксиді	0,054	0,05	0,4	
	Көміртек	0,052	0	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,027	0	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,026	0,5	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,077	0	0,3	
	Шаң	0,0027	0,0623	0,3	
3 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0052	0,05	0,2	
	Азот оксиді	0,024	0,05	0,4	
	Көміртек	0,044	0	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,024	0	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,046	0,5	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,058	0	0,3	
	Шаң	0,047	0,0513	0,3	
4 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0042	0,05	0,2	
	Азот оксиді	0,043	0,05	0,4	
	Көміртек	0,064	0	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,035	0	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,04	0,5	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,024	0	0,3	Бұзушылықтар жоқ
	Шаң	0,03	0,0644	0,3	

№2 кесте

Су ресурстары, ағынды сулар

Бақылау орны	Ластаушы заттардың атаулары	Белгілен-ген норматив (мг/дм³)	Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм3) IV тоқсан 2021 жыл	Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм³) I тоқсан 2022 жыл	Бұзушылық-тарды жою жөнін-дегі ұсыныс-тар
1	2	3	4	5	6
Тазарту алаңдары-ның ағынды сулары	Жүзгін заттар	35,5	13	34,5	Бұзушы-лықтар жоқ
	Аммонийлі азот	3,8	2,5	3,7	
	БПК $_5$ ОБТ - оттегін биологиялық тұтыну	33,7	7,7	28,38	
	СБАЗ - синтетикалық беттік әрекеттік заты	0,5122	0,5	0,2	
	Хлоридтер	252,4	158,4	205,6	
	Сульфаттар	190,1	104,9	186,27	
	Нитриттік азот	0,05	0,0029	0,018	
	Нитраттық азот	17,6	10,8	0,83	

№3 кесте

Радиациялық мониторинг

Бақылау нүктелерінің №	Белгілен-ген норматив (мкЗв/ч)	Нақты бақылау нәтижесі (мкЗв/ч) IV тоқсан 2021 жыл	Нақты бақылау нәтижесі (мкЗв/ч) I тоқсан 2022 жыл	Бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар
1	2	3		4
1 (Санитарлық-қорғау аймағы)	0,2+фон	0,1	0,12	Бұзушылықтар жоқ
2 (Санитарлық-қорғау аймағы)	0,2+фон	0,11	0,15	
3 (Санитарлық-қорғау аймағы)	0,2+фон	0,13	0,14	
4 (Санитарлық-қорғау аймағы)	0,2+фон	0,14	0,12	

«Байкен-U» ЖШС
«Харасан-2» кенішінің
Өндірістік қауіпсіздік бөлімі

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әлайдар Әбушахма Өсербайұлы, 16.07.2003 жылы ҚР ӘМ берген №0001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, **2022 жылы 2 шілде** күні қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Ахметжан Жанпеисов №73 үйде тұрған азамат **Ахметов Абдрахманның** атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №134 ғимарат.

Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55.

***

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының жекеше нотариусы Ержанова Ботагоз Таженовна,

7 тамыз 2021 жылы қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Ыбырай Алтынсарин көшесі №16 үйде тұрған азамат **Асанов Амангельди Карибаевичтің** атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан Ата даңғылы 160 Б.

Тел: 8 (72435) 24-9-36, 8701-288-61-36.

***

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Жаңақорған ауданының жеке нотариусы, Жанибеков Асылбек Акылбекович, 17.07.2015 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен берген №15013400 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет етуші, **28 қаңтар 2022 жылы** қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Байкенже ауылдық округі, Байкенже ауылы, Смайл Жандарбеков көшесі №4 үйде тұрған азамат **Избасаров Талгат Жаксылыковичтің** атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан-ата даңғылы №179/2 ғимарат. Тел: 8-701-295-70-90, жұмыс тел: 24-5-29